



ЖАПОНИЯ

Жапония (жап. 日本)
 (“Күншыгыс елі”) — **Шыгыс**
Азия жағалауларына жақын
маңдағы **Тынық**
мұхит аралдарында орналасқан
мемлекет. Ел 6852 аралдардан
тұрады. Ең
үлкендері: **Хоккайдо**, **Хонсю**, **Сик**
оку, **Кюсю**. Жер аумағы 372,2
мың км². Халқы 126,2 млн.
(1997). Астанасы
— **Токио** қаласы. Әкімшілік
жағынан 47 префектураға
бөлінеді. Жапония — бір ұлтты
ел





*Жапонияның негізгі діндері
— синто және будда діндері. Жапония — конституциялы
монархияны сақтаған ел*

Синтаизмдік ғибадатхана:



ЖАПОНИЯДА СИНТОИЗМ - [ЖАПОН. СИНТО - ҚҰДАЙЛАР ЖОЛЫ] КЕҢ ТАРАҒАН ДИН, ТАБИҒАТТЫ АЛҒАШҚЫ ҚАУЫМДЫҚ ДӘРІПТЕУДЕН ТУЫНДАҒАН РУЛЫҚ ЖӘНЕ ТАЙПАЛЫҚ ҚҰДАЙЛАРҒА ТАБЫНУ. 1868 ЖЫЛДАН 1945 ЖЫЛҒА ДЕЙІН МЕМЛЕКЕТТІК ДІН БОЛҒАН, ОНЫҢ НЕГІЗІН ТАБИҒАТ ПЕН АТА-БАБА ҚҰДАЙЛАРЫНА ТАБЫНУ ҚҰРАДЫ. ТАБЫНУДЫ ДАМУЫ БАРЫСЫНДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАСТАУ АҚТІ ИДЕЯСЫ ПАЙДА БОЛҒАН, НӘТИЖЕСІНДЕ КҮН ҚҰДАЙЫ АМАТӨРАСУ - СИНТОИСТІК ЖОҒАРҒЫ ҚҰДАЙ ПАЙДА БОЛҒАН. АЛ ОНЫҢ ҮРПАҒЫ ДЖИММУТЕННО БАРЛЫҚ ЖАПОН ИМПЕРАТОРЛАРЫНЫҢ АҢЫЗДЫҚ БАСТАУЫ БОЛҒАН.





1914 — 1919 ЖЫЛЫ ӨНЕРКӨСІП ӨНІМДЕРІ 13-ТЕН 65 МЛРД. ИЕНГЕ ӨСТІ. РЕСЕЙДЕГІ АЗАМАТ СОҒЫСЫН ПАЙДАЛАНЫП, 1918 ЖЫЛЫ 5 СӘУІРДЕ ВЛАДИВОСТОКТЫ БАСЫП АЛЫП, ҚИЫР ШЫҒЫС ПЕН СІБІРГЕ БАСА КӨКТЕП ЕНДІ. АЛАЙДА, 1922 ЖЫЛЫ КҮЗДЕ ЖАПОН ӨСКЕРЛЕРІ КЕҢЕСТІК ҚИЫР ШЫҒЫСТЫ ТАСТАП ШЫҒУҒА МӘЖБҮР БОЛДЫ. 1924 — 1925 ЖЫЛЫ АҚШ ЖӘНЕ ҰЛЫБРИТАНИЯ ҮКІМЕТТЕРІМЕН ҚАЙШЫЛЫҚ КҮШЕЙІП КЕТТІ ДЕ, ЖАПОНИЯ КСРО-МЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАЙ БАСТАДЫ. 1929 — 1933 ЖЫЛЫ ЕЛДЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАҒДАРЫС БАСТАЛДЫ. 3 МЛН-НАН АСА ЖҰМЫССЫЗДАР АРМИЯСЫ ПАЙДА БОЛЫП, ШАРУАЛАР ДА КҮРТ КЕДЕЙЛЕНІП КЕТТІ. “ЖАС ОФИЦЕРЛЕР” ҰЙЫМДАРЫ ПАЙДА БОЛЫП, ҮКІМЕТТЕН ЕЛДЕ ӨСКЕРИ ДИКТАТУРА ОРНАТУДЫ ТАЛАП ЕТТІ. СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ САЯСАТТА ӨСКЕРИЛЕРДІҢ БЕДЕЛІ КҮРТ ӨСТІ. 1931 ЖЫЛЫ КҮЗДЕ МАНЬЧЖУРИЯДА ҚУЫРШАҚ ҮКІМЕТ (МАНЬЧЖОУ — ГО) ҚҰРЫЛЫП, 1933 — 1936 ЖЫЛЫ ҚЫТАЙҒА ҚАРСЫ АГРЕССИЯНЫ КҮШЕЙТТІ. ЖАПОНИЯ 1936 ЖЫЛЫ ҚАРАШАДА ГЕРМАНИЯМЕН “АНТИКОМИНТЕРНДІК ПАКТИГЕ” ҚОЛ ҚОЙДЫ ДА, 1937 ЖЫЛЫ ШІЛДЕДЕ ҚЫТАЙДЫ ТОЛЫҚ ЖАУЛАП АЛУ ҮШІН СОҒЫС БАСТАДЫ. 1938 ЖЫЛЫ ҚЫТАЙДЫҢ НЕҒҰРЛЫМ ДАМЫҒАН ШЫҒЫС БӨЛІГІН ТОЛЫҚ БАСЫП АЛЫП, КЕҢЕС ОДАҒЫ МЕН МОҢҒОЛИЯҒА ШАБУЫЛ ЖАСАУҒА ДАЙЫНДАЛДЫ.